

"Пруденциалдық нормативтер туралы ережелер" Ереже жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 23 мамырдағы N 219. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 23 маусымда тіркелді. Тіркеу N 325. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 213 ~V021902 қаулысымен.

Ескерту. Ереженің атауы өзгертилді - ҚР Ұлттық Банкі
басқармасының 1998.08.28. N 157 V980600_ қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктер қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 26 желтоқсандағы N 237 қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктерде Бухгалтерлік есеп шоттарының жаңа жоспарын енгізуге байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. "Пруденциалдық нормативтер туралы" Ереже бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. "Пруденциалдық нормативтер туралы" Ереже қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 29 ақпандағы 53 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтер туралы ереже Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 31 шілдедегі N 181, 1996 жылғы 8 қарашадағы N 260 және 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 293 қаулыларымен бекітіліп, енгізілген өзгертулерімен және толықтыруларымен қоса күшін жойды деп танылсын.

3. Банктік қадағалау департаменті (Абдуллина Н.Қ.):
а) "Пруденциалдық нормативтер туралы" Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін;

б) осы Қаулы мен "Пруденциалдық нормативтер туралы" Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларын және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ғ. Сәйденовке жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 23 мамырдағы
N 219 қаулысымен
Бекітілген

"Пруденциалдық нормативтер туралы ережелер" <*>
ЕРЕЖЕ

Ескерту. Атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
1998.08.28. N 157 V980600_ қаулысымен.

Ескерту. Ереженің мәтіні бойынша 1.1", "1.2", "2.1", "2.2", "2.3",
"2.4", "2.5", "2.6", "3.1", "3.2", "3.3", "3.4", "3.5",
"5.1", "5.2", "5.3", "5.4", "6.1" тармақтарының нөмірленуі
тиісінше "1", "2", "3", "4", "5", "6", "7", "8", "9", "10",
"11", "12", "13", "15", "16", "17", "18", "19" нөмірленуімен
ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы
23 қараша N 460 V011768_ қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы
банктер және банк қызметі туралы" Z952444_ Зан күші бар Жарлығының 42-
бабына сәйкес осы Ережеде екінші деңгейдегі банктер міндепті түрде сақтауға
тиісті пруденциалдық нормативтер белгіленіп отыр, оның мемлекеттік банктерге
арналған есеп айырысуларының ерекшеліктері, олардың қызметінің
өзгешеліктері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (Бұдан әрі
- Ұлттық Банк) Басқармасының жекелеген шешімдерімен белгіленеді.

1-тарау. Ең төменгі
<*>

Ескерту. Тараудың атавы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 23 қараша N 460 V011768_ қаулысымен.

1. Банктің жарғылық капиталының ең аз мөлшерін Ұлттық Банктің
Басқармасы белгілейді. <*>
2. Ұлттық Банк белгілеген пруденциалдық нормативтердің және

міндettі түрде сақталуға тиісті өзге де нормалар мен лимиттердің біреуі
сақталмаған жағдайда, сондай-ақ егер мұның өзі пруденциалдық
нормативтердің және міндettі түрде орындалуға тиісті басқа да нормалар мен
лимиттердің кез-келгенін бұзуға әкеп соғатын болса, банктің акционерлерден
өз акцияларын сатып алуына құқығы жоқ.

Банкке бақылау жасауға құқығы бар адамнан акциялар сатып алуға
банктің құқығы жоқ.

ЕСКЕРТУ. 1-бөлімнің атавы мен 1.1.-тармағы өзгертілді - ҚР Ұлттық
Банкі басқармасының 1997.10.27. N 380 қаулысымен.

V970067_

2-тарау. Коэффициент
<*>

Ескерту. Тараудың атавы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 23 қараша N 460

V011768_

қаулысымен.

3. Өз капиталы (K) 1 деңгейдегі капитал мен П деңгейдегі капитал
сомасы (1 деңгейдегі капиталдан аспайтын мөлшерде) банктің акциялардағы
инвестициялары мен басқа заңды тұлғалардың реттелген борышын ұстап қала
отырып есептеледі.

4. Бірінші деңгейдегі капиталға (КІ) мынадай құрамдас бөліктер
кіреді:

1) тіркелген (3001 шоты плюс 3025 шоты минус 3002, 3003, 3026 және
3027 шоттар) шегінде төленген жарғылық капитал;

<*>

- 2) қосымша капитал (3101 шоты);
- 3) өткен жылғы табыстар есебінен құралған қорлар, резервтер, өткен жылғы бөлінбекен табыс (3510, 3580, 3599 шоттар);
минус:
 - 4) материалдық емес активтер (1659 шоты минус 1699 шоты);
 - 5) өткен жылғы зиян (3599 шоты);
 - 6) үстіміздегі жылдың шығыстарының үстіміздегі жылдың кірістерінен асып кетуі;

5. Екінші деңгейдегі капиталға (КII) мынадай құрамдас бөліктер кіреді:

- 1) үстіміздегі жылдың кірістерінің үстіміздегі жылдың шығыстарынан асып кетуі;
- 2) негізгі құрал-жабдықтар мен бағалы қағаздарды қайта бағалау (3540, 3560 шоттар);

- 3) тәуекелді ескере отырып өлшенген активтер сомасының 1,25%-тен аспайтын жалпы резервтері (провизиялары) (1465, 1469 шоттар);
- 4) бірінші деңгейдегі капитал сомасының 50%-тен аспайтын қысқа мерзімді реттелген борыш (2402 және 2401 алғашқы өтеу мерзімі 5 жылдан асатын мерзімдік ретке келтірілген қарыз бөлігінде). <*>

Реттелген борыш - бұл банктің депозит болып табылмайтын, қамтамасыз етілмеген міндеттемесі, банктің жазбаша ресімделген шарттарына сәйкес оны тарату кезінде (акционерлер арасында қалған мүлікті бөлер алдында) ең сонынан қанағаттандырылады.

Екінші деңгейдегі капиталға кіретін реттелген қысқа мерзімді борыштың өтелуінің бастапқы мерзімі кемінде 5 жыл болуға тиіс, оның үстіне соңғы бес жылдың әрбір жылында өз капиталының есебі бойынша реттелген борыштың алғашқы сомасының 20%-і шығарылып отырады.

6. Өз қаражатының (өз капиталының) жеткіліктілігі екі коэффициентпен: банктің акциялардағы инвестициялары мен басқа занды тұлғалардың (1471, 1472, 1475, 1451 шоттары) реттелген борыштарын ұстап қала отырып, банктің активтер сомасына (КI) бірінші деңгейдегі өз

капиталының қатынасымен және активтер сомасы мен тәуекелінің дәрежесі

бойынша өлшенген баланстан тыс міндеттемелерге (К2) өз капиталының қатынасымен сипатталады.

<*>

7. Бірінші деңгейдегі банктің меншікті капиталының оның барлық активтерінің сомасына қатынасы 0,06-дан кем болмауы тиіс:

<*>

КІ - ИК

КІ = -----; мұндағы

A

КІ - бірінші деңгейдегі өз капиталы;

ИК - басқа заңды тұлғалардың акциядағы инвестициялары мен реттелген борыштары;

A - банктің балансына сәйкес барлық активтерінің сомасы.

ЕСКЕРТУ. 2.5.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 20.06.2000 ж. N 265 қаулысымен.

V001197_

8. Банктің өз капиталының оның тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтерінің сомасына қатынасы 0,12-ден кем болмауы тиіс:

<*>

K

k = -----, мұндағы

2 A -П

p c

K - өз капиталы, осы жерде және бұдан әрі мәтін бойынша осы Ережелердің 3-тармағына сәйкес есептеледі;

Ар - тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтер мен баланстан тыс міндеттемелер сомасы. Тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтердің есебін шығарған кезде кастодиан шарты негізінде банкке сактауға қабылданған ақша есепке алынбайды.

Пс - арнайы резервтер (кумәнді жоғары тәуекелді және сенімсіз активтер бойынша қалыптасқан провизиялар) және өз капиталына қосылмайтын

қалыптасқан жалпы резервтер сомасы (яғни тәуекелді ескере отырып өлшенген активтер сомасының 1,25%-інен астам).

Тәуекел дәрежесі бойынша салынған активтер былайша жіктеледі:

1) I топ Тәуекел дәрежесі

Қолма-қол теңге және ЭҮДҮ <*> мүше елдердің қолма-қол теңгесі мен қолма-қол шет ел валютасы (1001,1002,1003 шоттары) 0

<*> - ЭҮДҮ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) мүше елдер: Австралия, Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Греция, Дания, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Канада, Люксембург, Мексика, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, Португалия, АҚШ, Түркия, Финляндия, Франция, Чехия, Швейцария, Швеция, Жапония.

Ұлттық Банк шоттарындағы қаражат (1051,1101,1102 шоттары), Ұлттық Банктегі міндетті депозиттер (1103 шоты) 0

Монетарлық қымбат металдар (1004 шоты) 0

ЭҮДҮ мүше болып табылатын елдердің Орталық банктеріндегі ағымдағы шот пен қысқа мерзімді депозиттер (1052,1251,1252,1253 шоттарының бір бөлігі) 0

Тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары мен кез келген рейтингтік агенттіктердің "A" рейтингінен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар шет мемлекеттердің үкіметтері шығарған бағалы қағаздары (atalған бағалы қағаздармен операция бөлігіндегі 1151, 1152, 1153, 1154, 1155 есепшоттары және 1456 есепшоты); <*>

Осы банктегі депозитке ақша түріндегі кепілдікпен, Ұлттық Банктің қайта қаржыландыруына болатын мемлекеттік бағалы қағаздар мен өзге де өтімділігі жоғары бағалы қағаздар, монетарлық қымбат металдар немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген бөліктегі кредиттер тізбесін Ұлттық Банк белгілейтін оффшорлық аймақтарда заңды тұлға ретінде тіркелген, не оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғаға қатысты бағынышты немесе еншілес болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері еместерге, сондай-ақ оффшорлық аймаққа жататын аумақта тұрақты тұратын жеке тұлғаларға берілгенін қоспағанда, сондай-ақ дебиторлық берешек (1851,1853,1854 шоттар) 0 <*>

Қазақстан Республикасы Үкіметіне берілетін кредиттер 0

Осы банктегі депозитке депозит (кредит) түріндегі кепілдікпен, Ұлттық

Банктің қайта қаржыландыруына болатын мемлекеттік бағалы қағаздар мен өзге де өтімділігі жоғары бағалы қағаздар, монетарлық қымбат металдар немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген бөліктегі депозиттер Қазақстан Республикасының банктеріне немесе оффшорлық аймақтың аумағында заңды тұлға ретінде тіркелген, не оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғаға қатысты бағынышты немесе еншілес болып табылатын ұйымдарына орналастырылғандарын қоспағанда 0 <*>

2) II топ

оффшорлық аймақтың аумағында тіркелген және қызметті жүзеге асыратындарын қоспағанда ЭЫДҰ мүше болып табылатын елдерін Орталық банктеріндегі ағымдағы шоттар мен қысқа мерзімді депозиттер (1052,1251,1252,1253 шоттарының бір бөлігі) 0,2 <*>

3) III топ

Монетарлық емес қымбат металдар (1601 шоты) 0,5

4) IV топ

ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдерін қолма-қол шетел валютасы (мұндай валюта бойынша ұзын валюта позициясы шегінде) (1001,1002,1003 шоттары) 1

Банктердегі ағымдағы шоттар мен мерзімді депозиттердегі қаражат (1 және II топтарда көрсетілгендерден басқа) (1052,1251,1252,1253 шоттарының бөлігі, 1254,1255,1256,1257 шоттар) 1

Тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілейтін кез келген рейтингтік агенттіктердің "A" рейтингінен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар шет мемлекеттердің үкіметтері шыгарған бағалы қағаздар, сондай-ақ сатуға арналған (1201, 1202 есепшоттары) және өзге де бағалы қағаздар (1451, 1452, 1454 есепшоттары және 1456 есепшоты, 1 топта көрсетілген сомадан басқасы); <*>

1 топта көрсетілген соманы қоспағанда басқа банктерге берілген

кредиттер (1301,1302,1303,1304,1305,1306,1307 шоттар) 1

Клиенттерге қойылатын талаптар (1400 топтың шоты) 1 топта көрсетілген сомадан басқа 1

Төлем бойынша есеп айырысу (1551,1552 шоттар) 1

Материалдық қорлар (1602,1658,1658 шоттары, минус 1698 шоты) 1

Негізгі қаражат (1651,1652,1653,1654,1655,1656,1657 шоттар, минус 1692-1697 шоттар) 1

Есептелген сыйақы (мұдде) (1700 топ шоттары, минус 1 топта көрсетілген шоттар бойынша есептелген сомалар бөлігіндегі 1710,1715

шоттары және 1705 шоты) 1

Сыйақы (мұдде) және шығыс сомаларын алдын-ала төлеу (1751, 1791 шоттары) 1

Бағалы қағаздар бойынша сыйақы және жеңілдік (1802, 1803, 1804 шоттары) 1

Банктің дебиторы (1852, 1855, 1856, 1860, 1861, 1870, 1880 шоттар) 1

Уақытша активтер (1900 шоты) 1

5) Тәуекел дәрежесі жөніндегі баланстан тыс міндеттеме былайша жіктеледі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдемесіне орай берілген, сондай-ақ бағалы қағаздар кепілдігімен, депозитпен, монетарлық құнды металдармен қамтамасыз етілген бөлігіндегі қарсы кепілдік пен кепілдемеге берілген банктің кепілдігі мен кепілдемесі 0

Бағалы қағаздарды және/немесе қаржы фьючестерін сатып алу немесе сату жөніндегі шоттар, егер олардың міндетті сипаты болса (құжаттармен ресімделсе) (6700, 6800 топтардың шоттары) 0

Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдар сатып алу-сату жөніндегі шоттар (6900 топтың шоттар), егер олардың міндетті сипаты болса $0 < * >$

Қабылданған кепілдіктер бойынша талаптардың маңызды кемуі (6575 шоты) 0

Шығарылуы бойынша жабылған активтер жөніндегі маңызды міндеттеме (6520 шоты) 0

Болашақта несиelerді және/немесе депозиттерді орналастыру немесе алу жөніндегі шоттар (6600, 6650 топтардың шоты), егер олардың міндетті сипаты болса 0,2

Кепілдік, кепілдеме, жабылмаған аккредитивтер және форфейтинг операциялары бойынша міндеттемелер (6555, 6505, 6510, 6580 есепшоттары) 1 $< * >$

Кейбір баланстан тыс міндеттемелер бойынша тәуекелге барған кезде (600, 6650, 6700, 6800 және 6900 топтардың шоттары) құжаттарға сәйкес ағымдағы ай және/немесе есеп берілетін айдан кейінгі 2 ай ішінде пайда болуы мүмкін (кейіннен баланста көрініс табатын) міндеттемелерді қабылдауы қажет. $< * >$

ЕСКЕРТУ. 2-бөлім өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
1997.10.27. N 380 қаулысымен. V970067_

Ескерту. 2.6.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі

басқармасының 1998.08.28. N 157 V980600_ қаулысымен.
ЕСКЕРТУ. 2.6.-тармақ өзгертілді - КР Ұлттық Банкі басқармасының
2.06.2000 ж. N 265 қаулысымен. V001197_

3-тарау. Ең жоғары

<*>

Ескерту. Тараудың атауы өзгертілді - КР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 23 қараша N 460 V011768_ қаулысымен.

9. "Бір заемши" терминнің банк алдында міндеттеменің кез-келген түрі, оның ішінде несие, овердрафт, вексель банк сатып алған облигациялар, факторинг, форфейтинг, лизинг бойынша борышкер (дебитор) болып табылатын әрбір жеке немесе занды тұлға (оның ішінде банк), немесе банк үшінші адамның пайdasына (кепілдік, кепілдік беру, аккредитив) өзіне міндеттеме қабылдау немесе баланстан тыс басқа міндеттеме қабылдау, оның ішінде болашақта кредит беру міндеттемесін қабылдау деп түсіндіруге тиіс. Осы Ережелердің мақсаты үшін екі немесе одан көп борышкерден тұратын топтар үшін тәуекел мөлшері бір заемши ретінде мынадай жағдайлардың біреуі болған кезде қосарлап есептеледі: <*>

- 1) борышкерлердің біреуі (акционерлік қоғамда немесе жауапкершілігі шектелген серіктестікте) ірі қатысуши, (командиттік серіктестікте) толық серікtes, (толық серіктестікте) басқаның қатысуышы, не болмаса басқаның қызметіне едәуір ықпал ететін тұлға болып табылса;
- 2) борышкерлер бір мезгілде (акционерлік қоғамда немесе жауапкершілігі шектелген серіктестікте) ірі қатысуши, (командиттік серіктестікте) толық серікtes, (толық серіктестікте) қатысуши не болмаса олардың қызметіне едәуір ықпал ететін белгілі бір адам болып табылса;
- 3) борышкерлердің біреуінің банктен өздері кредитке алған қаражатты басқа біреудің пайдалануына бергені дәлелденген болса, не болмаса банктен кредитке алған қаражатты бірлесіп немесе жеке-дара банктің борышкери болып табылмайтын, сол бір үшінші адамның пайдалануына берсе;
- 4) мұндай борышкерлер, лауазымды адамның қаржылық мұддесі бойынша өзара байланысты болса; <*>
- 5) екі және одан да көп борышкерлер бірлескен қызмет туралы шартпен бір бірімен өзара байланысты болса.

Ескерту. 3.1.-тармақ өзгертілді - КР Ұлттық Банкі

басқармасының 1998.08.28. N 157 V980600_ қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 3.1.-тармақ толықтырылды, өзгертілді - КР Ұлттық Банкі

басқармасының 2.06.2000 ж. N 265 қаулысымен. V001197_
Ескерту. 9-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 23 қараша N 460 V011768_ қаулысымен.

10. Бір заемшиға арналған, оның ішінде банк (Р) тәуекелінің мөлшері банктің бір заемшысының банк алдындағы кез келген міндеттемесі, оның ішінде несие, овердрафт, вексель, банк сатып алған облигациялар, факторинг, форфейтинг, лизинг, депозит плюс банктің осы заемшиға баланстан тыс, кредит тәуекелін (күжатпен ресімделген, ағымдағы және кейінгі 2 ай ішінде пайда болатын) көтеру міндеттемесінің, сондай-ақ банктің үшінші тұлғаның пайдасына ол үшін қабылдаған міндеттеме (кепілдік, кепілдеме, аккредитив) сомасы бойынша, минус заемшының осы банктегі мерзімдік депозиттегі ақша түріндегі міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, тазартылған қымбат металдар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілейтін, рейтингтік агенттіктердің "A" рейтингінен төмен емес ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және жеке рейтингі бар басқа банктердің кепілдігі бойынша жиынтық берешек ретінде есептеледі.

Бір заемшиға тәуекелдің ең жоғары мөлшерін есептеген кезде Ұлттық Банкке және Standard & Poors немесе Fitch агенттіктерінің "BBB-" немесе Moody's Investors Service агенттігінің "Baa3" рейтингінен кем болмайтын ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар банктерге ашық корреспонденттік есепшоттар бойынша талаптар есептелмейді. <*>

ЕСКЕРТУ. 3.2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2.06.2000 ж. N 265 қаулысымен. V001197_
Ескерту: 3.2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің басқармасы 2000 жылғы 25 қараша N 435 қаулысымен. V001345_
Ескерту. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 23 қараша N 460 V011768_ қаулысымен.

11. Айтарлықтай ықпал етуді жүзеге асыру занды тұлғаның қабылдаған шешімдеріне қатысадын тиісті өкілеттігі болуына немесе болмауына қарамастан, оның қаржылық жағдайына немесе ұйымдық құрылымына әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді.

Банктік қадағалау органдарында тиісті дәлелдер болған кезде занды тұлғаның қызметіне айтарлықтай ықпал етуді жүзеге асырған тұлға деп танылуы үшін:

- 1) оның осы занды тұлғаның мәмілені салыстырмалы түрде жүзеге асыруға шешім қабылдауына қатысу жолымен немесе оның өз қаражатын пайдалану мақсатында занды тұлғаның қызметін бағыттауға немесе басқаруға мүмкіндігі;
- 2) ол жарғылық капиталдың немесе акциялардың 10 проценттен астамын осы

занды тұлғаның дауыс беру құқығымен ұсына отырып, жарғылық капиталдағы немесе акциялардағы өз үлесін дауыс беру құқығымен енгізе отырып, оның жеке көзқарасы бойынша оған дауыс беру өкілеттігін берген сенім негізінде осы құқықты жүзеге асыратын жарғылық капиталдың немесе акциялардың сол процентін жүзеге асыруы;

3) осы адам немесе оның жақын туысы осы занды тұлғаның жоғары басшы адамы (бірінші басшысы) болуы керек.

Ескерту. 11-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 23 қараша N 460 V011768_ қаулысымен.

12. Бір заемшиға арналған тәуекел мөлшерінің қатысы оның міндеттемелері бойынша банктің өз капиталынан ($k3 = P/K$) аспауға тиіс;

банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар болып табылатын заемшилар үшін, - 0,10. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты заемшилар жөніндегі тәуекелдер сомасы банктің өз капиталының мөлшерінен аспауға тиіс;

басқа да заемшилар үшін - 0,25 (оның ішінде кемінде 0,10-ы банк кредиттері бойынша қамтамасыз етілмеген баланстан тыс міндеттемелерді қоса алғанда, сондай-ақ оффшорлық аймак аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының резиденті еместеріне берілген кредиттер бойынша). <*>

ЕСКЕРТУ. 3.4.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2.06.2000 ж. N 265 қаулысымен. V001197_

13. Бір заемшиның міндеттемелерінің жалпы көлемі несие, овердрафт, факторинг, форфейтинг, лизинг беру, вексельді есептеу, өзіне міндеттемелер (кепілдік, кепілдік беру, аккредитив) немесе баланстан тыс басқа міндеттемелер қабылдау сәтіндегі жағдайларда осы Ережелер белгіленген шектеулер шегінде болса, бірақ соның салдарынан банктің өз капиталы деңгейінің төмендеуіне байланысты аталған шектеулер асып кетсе, мұндай банк осы факті туралы Ұлттық Банкке дереу хабарлауға тиіс. <*>

Ескерту. 3.5.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.08.28. N 157 V980600_ қаулысымен.

4-тaraу. Коэффициент <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тaraу жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2.06.2000 ж. N 265 қаулысымен. V001197_

Ескерту. Тараудың атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 23 қараша N 460 V011768_ қаулысымен.

14. Банктер өтімділікке бақылау жасау мақсатында өтімділігі жоғары активтердің орташа айлық көлемінің талап ету міндеттемесінің орташа айлық көлеміне қатынасы ретінде есептелетін ағымдағы өтімділік коэффициентінің

есебін ұсынуы тиіс. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің ең төменгі мәнін Ұлттық Банктің Басқармасы белгілейді.

Есепке мыналар қабылданады:

Өтімділігі жоғары активтер:

қолма-қол ақша (1001, 1002, 1003, 1005, 1051, 1052 есепшоттары);

тез сатылатын активтер: мемлекеттік бағалы қағаздар және Ұлттық Банктің, қайта сатып алу шарттарында сатып алынған бағалы қағаздардан басқа қайта қаржыландыруы үшін қолайлышты да өтімділігі жоғары бағалы қағаздар (1151, 1152, 1153, 1154, 1155 есепшоттары), тазартылған қымбат металдар (1004, 1006 есепшоттары), Ұлттық Банктегі және басқа банктердегі овернайт кредиттері (1101, 1251 есепшоттары).

Талап ету міндеттемелері:

занды және жеке тұлғалардың есеп айырысу, ағымдағы есепшоттары (2203, 2207, 2211 есепшоттары);

мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік қорлардың қаражаттары (2201, 2202 талап ету сомасы бөлігіндегі);

лоро есепшоттары (2010, 2020 тобының есепшоттары);

банкаралық овернайт депозиттері (2110 тобының есепшоттары);

талап ету бойынша басқа міндеттемелер (2900 есепшоты), оның ішінде есеп айырысуды жүзеге асыру мерзімі айтылмаған міндеттемелер бөлігіндегі (2221, 2551, 2552, 2851, 2852, 2854, 2855, 2856, 2860, 2862, 2870 есепшоттары).

Кастодиандық және трасттық шарттар бойынша банкке сақтауға және сенім білдірілген басқаруға қабылданған ақша өтімділік коэффициентін есептеген кезде қосылмайды.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті былайша есептеледі:

$K_4 = A_{op.}/O_{op.}$, мұндағы

$A_{op.}$ - активтердің орташа айлық көлемі;

$O_{op.}$ - талап ету міндеттемесінің орташа айлық көлемі;

K_4 - ағымдағы өтімділік коэффициенті.

Есеп беру кезеңінде банктің кредиторлар мен депозиторлар алдындағы мерзімі өткен міндеттемесі болған жағдайда (2038, 2058, 2059, 2068, 2225, 2749) орташа айлық негізде айқындалған өтімділік коэффициентінің есеп айырысу мәніне қарамастан, өтімділік нормативін орындаған деп саналады.

Банктер ағымдағы өтімділік коэффициентінің есебінен басқа активтері мен міндеттемелерінің мерзімін салыстыру кестесін ұсынуға міндетті (төменде келтірілген):

Әрбір актив (міндеттеме) үшін активтер мен міндеттемелердің мерзімін салыстыру кестесін толтырған кезде неғұрлым қысқа мерзім көзделеді, ол өткен бойда банк дебиторлар мен корреспонденттердің міндеттемелерін орындауын талап етуге құқығы бар. Мұндай жағдайда активтер резервті (провизияны) шегеріп тастамай-ақ банк қызметінен келтірілген шығынды өтеуге жатқызылады. Активтер, міндеттемелер және шартты міндеттемелер бағаны бойынша деректер 1-ден 5-жолдарға дейін өсу нәтижелері бойынша толтырылады. 6 және 7 жолдардың сомасы "Жиынтығы" бағанына енгізіледі, бұл банк балансының деректерімен салыстырылады. "Жиынтығы" бағаны мен баланстың актив бөлігінің жиынтығы бойынша айырмашылықтар банк қалыптастырылған резервтер (провизиялар) сомасына сәйкес келеді.

1-жолға осы Ережелерде көрсетілген өтімділігі жоғары активтер мен талап ету міндеттемелерінің көлеміне есептелетін активтер мен банк міндеттемелері жазылуы тиіс.

Ескерту. 14-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 23 қараша N 460
V011768_
қаулысымен.

Банктің активтері мен міндеттемелерінің мерзімін салыстыру кестесі
2000 ____ жылғы " ____ "

Жол ! Баптары ! Активтер ! Міндетте- ! А-Б ! Шартты ! А/(В+Д)
N ! ! ! мелер ! ! міндеттемелер!
! !
! А ! В ! С ! Д ! Е

1 !Талап ету!
бойынша

2 !30 күнге
дейін

3 !3 айға дейін

4 !6 айға дейін

5 ! 1 жылға дейін

6 !1 жылдан артық

7 ! Мерзімі өткен

8 ! Жиынтығы

5-тарау. Лимиттер

<*>

Ескерту. Тараудың атауы өзгертілді - КР Ұлттық Банкі басқармасының

2001 жылғы 23 қараша N 460

V011768_

қаулысымен.

15. Кез келген шетел валютасы жөніндегі ашық валюта позициясының (ұзын немесе қысқа) лимиттерін, ЭҮДҰ мүшелері болып табылмайтын елдердің шетел валюталары жөніндегі ұзын валюта позициясын және валюталық неттопозицияны Ұлттық Банктің Басқармасы белгілейді. <*>

Ескерту. 5.1.-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.08.28. N 157 V980600_ қаулысымен.

16. Ашық валюта позициясы - саны жағынан сәйкес келмейтін жекелеген валюталардағы активтер мен міндеттемелер (баланстан тыс талаптар мен міндеттемелерді ескере отырып) арасындағы шетел валютасындағы қаражат қалдығының айырмасы. Ол қазіргі кезде де, болашақта да осы валютадағы қаражатты алу талаптарын және беру міндеттемелерін көрсетеді.

Ұзақ ашық валюта позициясы - жекелеген шетел валютасындағы ашық валюта позициясы. Мұнда активтер мен баланстан тыс талаптар дәл осы шетел валютасындағы міндеттемелер мен баланстан тыс міндеттемелерден артық болады.

Қысқа ашық валюта позициясы - жекелеген шетел валютасындағы ашық валюта позициясы. Мұнда міндеттемелер мен баланстан тыс міндеттемелер дәл осы шетел валютасындағы активтер мен баланстан тыс міндеттемелерден артық болады.

Әрбір шетел валютасы бойынша ашық валюта позициясы жеке белгіленеді. Шетел валютасы бойынша ашық валюта позициясының лимиті осы Ереженің N 1 қосымшасына сәйкес шетел валютасымен жасалған мәмілелер және шетел валютасындағы (валюта бағамымен белгіленген теңгемен) хеджирленген құралдар бойынша банктің шарты және ықтимал талаптары мен міндеттемелерінің сомасына түзетулермен баланстық есепшоттар бойынша шетел валютасындағы (валюта бағамымен белгіленген теңге) талаптар мен міндеттемелер есепшоттарындағы абсолют сомалар арасындағы айырмашылықты белгілеу арқылы есептеледі.

Жекелеген шетел валютасы бойынша ашық валюта позициясын есептеген кезде бірінші кезекте банктің активтері мен міндеттемелерінің баланстық есепшоттарында ашылған әрбір шетел валютасы бойынша есепшоттар сальдосы есептеледі. Содан кейін шартты талаптар мен міндеттемелер есебінің баланстан тыс есепшоттарда ашылған осындай шетел валютасы бойынша есепшоттардың сальдо сомасы белгіленеді. Осы көрсетілгендер белгіленгеннен кейін баланстық есепшоттар бойынша ашық валюта позициясына әрбір шетел валютасы бойынша, оның ішінде хеджирленетін мәмілелер (құралдар) жасауды ескере отырып, әрбір шетел валютасы бойынша шартты талаптар мен міндеттемелер позициясының сомасына тиісті түзету жасалады.

Хеджирлеу (хеджирлеу мәмілесі) ықтимал зиянның орнын жабу мақсатында шетел валютасымен белгіленген активтер мен міндеттемелер сатып алу түрінде көрсетілген бағам айырмашылығының туындауына байланысты ықтимал шығыннан қорғау (сақтандыру) әдісін білдіреді.

Баланстық есепшоттар бойынша валюталық нетто-позициясы баланстық есепшоттар бойынша талаптар сальдосымен және шетел валютасындағы (валюта бағамымен белгіленген теңгемен) міндеттемелер арасындағы айырмашылық ретінде белгіленеді.

Банктің валюталық нетто-позициясы шетел валютасымен және шетел валютасындағы (валюта бағамымен белгіленген теңгемен) хеджирленген құралдармен жасалған мәмілелер бойынша сальдо сомасына түзетулермен баланстық есепшоттардың сальдо сомасы ретінде белгіленеді.

Шетел валютасымен көрсетілген талаптар мен міндеттемелер, осы талаптар мен міндеттемелер көрсетілген (белгіленген) шетел валютасына қатысты валюта позициясының есебіне қосылады. Банктің euro бойынша ашық валюта позициясы Еуропалық Валюта Одағына (бұдан әрі - ЕВО) қатысушы елдердің

шетел валютасы бойынша банктің жиынтық ашық валюта позициясы болып белгіленеді және көрсетілген валюта бағамдарының евроға қатынасы бойына белгіленуін ескере отырып есептеледі. Осыған орай Еуропалық Валюта Одағына (бұдан әрі - ЕВО) қатысушы елдердің шетел валютасы бойынша ашық валюта позициясы жеке есептелмейді.

Мәміле жасау күні болып табылмайтын валюталау күні бар валюта операцияларын жүргізген кезде мұндай валюта операциялары осы мәмілелер жасалған күннен бастап валюта позициясының есебіне қосылады.

Ескерту. 5.2.-тармақ жаңа редакцияда -ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2.06.2000 ж. N 265 қаулысымен. V001197

17. Шетел валютасымен операциялар жүргізуге лицензиялары бар банктер апта сайын, есеп беріліп отырған келесі аптаның екінші жұмыс күні әрбір шетел валютасы бойынша валюталық позициялар мен валюталық таза салмақ-позиция туралы аптаның әрбір жұмыс күні үшін, сондай-ақ осы Ережеге N 1, 2 және 3 қосымшалар нысаны бойынша жүргізілген форвард, спот және своп мәмілелері туралы мәліметтер есеп береді. <*>

Шетел валютасымен операциялар жүргіzetін филиалдары мен айырбастау пункттері бар банктер есеп бергенде ашық валюталиқ позициялар бойынша барлық филиалдар мен айырбастау пункттерін ескере отырып жиынтық мәліметтер беруге тиіс. <*>

Филиалдарының тармақталған жүйесі бар банктер (кем дегенде 15 филиал) немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі филиалдар есеп беру мерзімін екі жұмыс күніне дейін ұзарта алады.

ЕСКЕРТУ. 5.3.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.10.27. N 380 қаулысымен. V970067

Ескерту. 5.3.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.08.28. N 157 V980600 қаулысымен.

18. Кез келген жеке шетел валютасы бойынша есеп беретін апта бойы осы Ережеде белгіленген ашық валюта позициясының лимиттерін асырып жіберген кезде банкке үш апта бойы ашық валюта позициясының лимитін және нетто-позиция лимитін 5%-ке дейін азайту түрінде айыппұл салынады.

Кез келген шетел валютасы бойынша есеп беретін екі апта бойы

белгіленген ашық валюта позициясының лимиттерін 3 есе асырып жіберген кезде банкке айыппұл түрінде санкция немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге арналған лицензияға шектеу салынады.

Белгіленген лимиттерді 0-0,09% шегінде асырып жіберу жеке алынған валюта бойынша ашық валюта позициясының лимиттерін бұзу болып саналмайды.

Ескерту. 5.4.-тармақ жаңа редакцияда -ҚР Ұлттық Банкі
басқармасының 2.06.2000 ж. N 265 қаулысымен.

V001197_

6-тарау. Коэффициент

<*>

Ескерту. Тараудың атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 23 қараша N 460

V011768_

қаулысымен.

19. Негізгі құрал-жабдықтар мен басқа да қаржы емес активтердегі
банк инвестицияларының ең көп мөлшерінің өз капиталына қатысы (к5) 0,5-тен
аспауға тиіс:

И

$k5 = \frac{\text{И}}{\text{К}}$

< 0,5, мұндағы

К

И - негізгі құрал-жабдықтар мен басқа да қаржы емес активтер
сомалары, оған мынадай активтер жатады:

- 1) үй-жайлар мен ғимараттар (1652 шоты минус 1692 шоты);
- 2) шаруашылық мүккемал (1653, 1656 шоттары минус 1693, 1695
шоттары);
- 3) банк жалдаған үй-жайлар бойынша қурделі шығындар (1657 шоты
минус 1697 шоты);
- 4) жалға беруге (лизинг) арналған машиналар, жабдықтар, көлік
және басқа құрал-жабдықтар (1656 шоты минус 1696 шоты);
- 5) басқа негізгі құрал-жабдықтар (1654 шоты минус 1694 шоты);
- 6) салынып жатқан (орнатылып жатқан) негізгі құрал-жабдықтар
(1651 шоты);
- 7) материалдық қорлар (1601, 1602 шоттар);
- 8) бағасы төмен және тез тозатын заттар (1658 шоты минус 1697 шоты);
- 9) қурделі қаржы бойынша дебиторлар (1856 шот).

Ескерту. 19-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 23 қараша N 460

V011768_

қаулысымен.

6.2.

<*>

Ескерту. 6.2-тармақ алынып тасталды -ҚР Ұлттық Банкі
басқармасының 2.06.2000 ж. N 265 қаулысымен.

V001197_

7-тарау. Қорытынды ережелер

<*>

Ескерту. "7-тарау. Қорытынды ережелер" деген сөзben толықтырылды - ҚР
Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 23 қараша N 460

V011768_

қаулысымен.

20. Ұлттық Банк банктердің пруденциалдық нормативтерді сақтауына
бақылау жасайды.

Банктер Банктік қадағалау департаментіне Ұлттық Банк белгілеген
тәртіпке сәйкес есеп беруге тиіс.

Ай сайын, есеп беретін айдан кейінгі айдың 8-күнінен кешіктірмей банктер
Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне K1, K2, K3, K4, K5
коэффициенттері есептелген анықтама беруге тиіс. Банктер активтер мен
міндеттемелер мерзімдерінің салыстырмалы кестесін Банктік қадағалау
департаментіне айдың соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша апта сайын, есеп
беретін айдан кейінгі айдың 8-күнінен кешіктірмей беруге тиіс.

21. Банк ұсынылған есептердің дұрыстығына Қазақстан Республикасы
Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"
"Заң күші бар Жарлығына сәйкес толық жауап береді.

22. Ұлттық Банктің ерекше жағдайларда жекелеген банктерге арналған
Басқарма шешімі бойынша пруденциалдық нормативтер есебінің өзге тәртіптерін
не болмаса пруденциалдық нормативтердің кейбіреуін сақтамаған банктерге
санкция қолданбай, жазбаша ескертпелер жасау немесе дәл мерзім белгілей
отырып нұсқаулар шығаруға құқығы бар, сол банк осы Ережелердің талаптарына
сәйкес келмейтін жерлерін жоюға тиіс. <*>

Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтердің есебі Ұлттық
Банк бекіткен 1998 (2000) жылға дейінгі кезеңде олардың қайта капиталдандыру

мен қызметін жақсартудың жеке жоспарлары (шаралар жоспары) Ұлттық Банк Басқармасының 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы Ереженің талаптарын ескере отырып, олардың шаралар жоспарларының шеңберінде өзіне алған міндеттемелерін банктердің сақтауы бойынша жүргізіледі. Сөйтіп банктер қабылдаған нормативтердің күшейтілген мәні (өз қаражаты жеткіліктілігінің арттырылған коэффициенті, бір заемшиға арналған тәуекелдің төмендетілген ең көп мөлшері, негізгі құралдардағы банк инвестицияларының ең көп мөлшерінің коэффициенті және басқа да қаржы емес активтер) осы банктердің орындауы үшін міндетті болып табылады. <*>

Ескерту. 9-тармақ өзгертилді - ҚР Ұлттық Банкі
басқармасының 1998.08.28. N 157 V980600_ қаулысымен.

Төраға

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 23 мамырдағы N 219
қаулысымен бекітілген
Пруденциалдық нормативтер
туралы ережелерге
N 1 қосымша

<*>

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі
басқармасының 2.06.2000 ж. N 265 қаулысымен.
V001197_

200 __ ж. бастап _____ дейін кезең үшін

(уәкілдегі банкінің атауы)
валюта позициясы туралы есебі

Апта күндері бойынша операция күнінің сонына сальдо
Талаптар! Міндетте !

мелер ! 1 ! 2

! ! _____ ! _____

! ! (күні) (күні)

! ! _____ ! _____

! Талап-!Міндет-! Позициясы!Талап-! Міндет-! Позициясы

! тар !темелер! !тар !темелер!

! сомасы! сомасы! !сомасы!сомасы !

1 Қолма-қол шетел
валютасындағы талаптар

... ... !

2. Орналастырылған/
тартылған депозиттер

... ... !

3. Берілген/алынған
кредиттер

... ... !

4. Алуға/төлеуге
сыяқы есептеу

... ... !

5. Борыштық және үлестік
бағалы қағаздар

... ... !

6. Дебиторлық/кредиторлық
берешек

... ... !

Талаптар !Міндеттемелер
дың жынын ! жиынтығы*
тығы* !

... ... !

Баланстан ! Баланстан
тыс есеп ! тыс есепшоттар
шоттар ! бойынша
бойынша !

Талаптар !Міндеттемелер
жиынтығы ! жиынтығы

Талаптар !Міндеттемелер
дың жынын ! жиынтығы
тығы* !

таблицаның жалғасы

Апта күндері бойынша операция күнінің соңына сальдо

3	!	4	!	5	!	
(күні)	!	(күні)		(күні)		
	!				!	

Талап !Міндет !По !Талап !Міндет ! Позициясы ! Талап ! Міндет ! Позициясы
тар !темелер !зи !тар !темелер !тар !темелер !
сомасы ! сомасы ! ция ! сомасы ! сомасы ! сомасы ! сомасы !

! _____ ! _____ ! _____ ! _____ ! _____ !

* - Тиісті орындарда баланстық есепшотқа ескерілетін шет ел

валютасындағы міндеттемелер мен талаптар көрсетіледі.

Жекелеген валюталар бойынша ашық валюта позицияның ең жоғары белгіленген мөлшері**

** - Бұл орындарда банк жүргізетін хеджирленген мәмілені ескере отырып шет ел валютасындағы шартты талаптар мен міндеттемелер көрсетіледі.

*** - Бұл орындарда есепті кезеңдегі аптаның әр жұмыс күні үшін барлық шет ел валютасындағы нетто-позиция көрсетіледі.

Банктің нормативтер есебінің соңғы күніндегі өз капиталының мөлшері: _____

Жекелеген валюталар бойынша ашық валюта позицияларының белгіленген ең жоғары мөлшері: _____

Валюталық нетто-позицияның ең жоғары белгіленген мөлшері _____

Жекелеген валюталар бойынша ашық позициялар мөлшері бойынша немесе белгіленген ең жоғары мөлшерден асатын валюталық нетто-позиция бойынша мәліметтер қызыл түспен бөліп көрсетілуі тиіс.

Банк Басқармасының Төрағасы _____
(қолы) _____ (аты-жөні)

Банктің Бас бухгалтері _____
(қолы) _____ (аты-жөні)

Жауапты орындаушы _____
(қолы) _____ (аты-жөні)

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 23 мамырдағы N 219
қаулысымен бекітілген
Пруденциалдық нормативтер
туралы ережелерге
N 2 қосымша

<*>

Ескерту. N 2 қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
1998.08.28. N 157

V980600_

қаулысымен.

1998 ж. "—" жағдай бойынша _____ банкі жүргізген
форвард, спот және своп мәмілелері туралы мәліметтер

		Мерзімдері Талаптар (мәмілелер бағамы 2 күнге 3 күннен					
		бойынша мың теңгемен) дейін 7 күнге					
		Міндеттемелер (мәмілелер					
		бағамы бойынша мың теңге.					
		мен)					
1.		талаптар					
		міндеттемелер					
2.		талаптар					

		міндеттемелер			
3.		талаптар			
		міндеттемелер			
		талаптар			
		міндеттемелер			

8 күннен 30 | 30 күннен | Мәмілелер | Барлығы |

күнге дейін | астам | бағамы | валютамен |

| бойынша | | |

| барлығы мың | | |

| теңгемен | | |

| | | | |

| | | | |

| | | | |

| | | | |

| | | | |

| | | | |

Анықтамалық ақпарат | Ең ұзақ мерзімге жасалған мәміле |

| бойынша есептесу датасы (шамамен |

| мәлімет беру күніне қарай) |

Форвард | | |

Своп | | |

Банк басқармасының төрағасы _____

Банктің бас бухгалтері _____

<*>

- Бұл кестеде валютаның, құнды металдың, бағалы қағаздың, әрбір түрі бойынша мәліметтер берілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 23 мамырдағы
N 219 қаулысымен бекітілген
Пруденциалдық нормативтер
туралы ережелерге
N 3 қосымша

<*>

Ескерту. N 3 қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
1998.08.28. N 157

V980600_

қаулысымен.

1998 ж. " " жағдай бойынша _____ банкі жүргізген
форвард, спот және своп мәмілелері туралы мәліметтер

Мерзімі	Талаптар (мәмілелер бағамы)	Спорт мәмілелерінің
	бойынша мың теңгемен)	сомасы
	Міндеттемелер (мәмілелер	
	бағамы бойынша мың	

	тәңгемен)		
	талап		
	міндеттеме		
	талап		
	міндеттеме		
	талап		
	міндеттеме		
	талап		
	міндеттеме		

Ең ұзак мерзімге | Форвардтық | Барлық | Валюта |
жасалған мәміле | мәмілелер | операция | бойынша |
бойынша есептеу | бойынша | бойынша | жиынтығы |
датасы (шамамен | міндеттеме/ | жиынтығы | | |
мәлімет беру | талаптар сомасы | (мәмілелер | | |
күніне қарай) | (мәмілелер бағамы | бағамы бой. | | |

| бойынша мың | мың | | |
| тәңгемен) | тәңгемен) | | |

Банк басқармасының Төрағасы _____

Банктің бас бухгалтері _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК